

"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының стратегиялық объектілерін иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 1226 қаулысы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамына осы қаулыға қосымшада көрсетілген стратегиялық объектілерді «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілісін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 2 6

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат етілген «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы стратегиялық объектілерінің тізбесі

Р/с №	Стратегиялық объект	Объектінің мекенжайы (орналасқан жері)
1	2	3
1	Өзен – Атырау – Самара магистральдық мұнай құбырының Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясына қызмет көрсетуге және оны пайдалануға арналған жер учаскесінің ауданы 0,217245 га бөлігі	Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алмалы ауылдық округі
2	Доссор – Мақат магистральдық мұнай құбырының «Мақат» мұнай айдау станциясын орналастыруға арналған жер учаскесінің ауданы 0,04175 га бөлігі	Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті
3	Кеңқияқ – Ор магистральдық мұнай құбыры (2-тармағы) «Кеңқияқ» желілік-өндірістік диспетчерлік станциясын орналастыруға арналған жер учаскесінің ауданы 2,198 га бөлігі	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңқияқ кенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК